Әдебиеттерге шолу Cochrane Library, PubMed, GoogleScholar дерекқорларын пайдалана отырып, 2014 жылдан 2024 жылға дейінгі түйінді сөздер бойынша (егде жастағы халықтың өмір сүру сапасы бойынша) ізденіс жүзеге асырылды, себебі соңғы он жыл уақыт аралығында көптеген дамыған елдер стратегиялық даму мақсатына қол жеткізуге жақындады.

Егде жастағы халықтың өмір сапасын зерттеу бойынша әлемде дамыған және дамушы елдер арасында бірқатар зерттеулер жүргізілді. Азия мемлекеттерінің ішінде Иран Республикасындағы зерттеудің негізгі мақсаты SF-36 қысқаша сауалнамасы арқылы өлшенген дені сау егде жастағы ирандықтар арасындағы HRQoL-ны сандық бағалау болды. Бұл зерттеу PRISMA нұсқауларына сәйкес жүйелі шолу және мета-талдау ретінде әзірленді. Зерттеу нәтижелері HRQoL жалпы

көрсеткішінің орташа мәнін 54,92 [95% сенімділік аралығымен] 51,50-58,33 құрады, бұл басқа елдермен салыстырғанда, әсіресе экономикалық дамыған зерттеулерге қарағанда төмен көрсеткіш болып саналады. Сезімталдықты талдау нәтижелері тұрақтылық пен сенімділікті көрсетті. SF-36 сауалнамасының әрбір HRQoL аймағы/ішкі шкаласы бойынша жиынтық көрсеткіштері 49,77-ден 63,02-ге дейінгі аралықта болды. Зерттеу нәтижелері: денсаулық сақтау саясатын анықтайтын дамушы елдер арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру және әлеуметтік, экономикалық және психологиялық қолдау көрсету, сондай-ақ егде жастағы адамдардың қоғамдық өмірге қатысуын кеңейту және олардың тәжірибесін пайдалану арқылы егде жастағы адамдардың денсаулығына күн тәртібінің басымдығы ретінде көбірек көңіл бөлу қажеттілігі туындайды [8-15].

Келесі зерттеу Қытай ғалымдарымен жүргізілді. Бұл мета-талдаудың мақсаты жүйелі склероздың денсаулыққа байланысты өмір сапасына әсерін бағалау үшін «SF-36» қысқаша сауалнама арқылы әдебиеттерге жүйелі шолу жүргізу болды. 2017 жылы зерттеуге қатысқан авторлар оңтайлы нәтиже алу үшін PubMed, Web of Science және Embase электрондық ресми парақшаларында әдебиеттерге жүйелі түрде ізденіс жүргізді. Әр саладағы бағаларды қорытындылау үшін кездейсоқ әсер моделі қолданылды. Нәтижелерді бағалау ретінде SF-36 сауалнамасынан алынған көрсеткіштер пайдаланылды және орташа айырмашылықтар 95% сенімділік аралығымен есептелді. Нәтижесінде барлық зерттеулер енгізу критерийлеріне сәйкес келді, оған жүйелі склерозбен ауыратын 795 пациент және бақылау тобындағы 1154 сау адам қатысты. Жүйелі склерозбен ауыратын науқастарда SF-36 сауалнамасы арқылы әр сала бойынша (физикалық қызмет, рөлдік физикалық қызмет, эмоционалды рөлдік қызмет, өмірлік күш, психикалық денсаулық, әлеуметтік қызмет, денедегі ауру сезімі, жалпы денсаулық жағдайы) бағалау нәтижесі дені сау бақылау тобына қарағанда төмен болды. Осы орайда, физикалық компонент шкаласы (PCS) мен психикалық компонент шкаласы (MCS) бойынша барлық көрсеткіштер жүйелі склерозбен ауыратын науқастарда дені сау бақылау тобына қарағанда төмен болды. Яғни, сәйкесінше PCS (31,2-52,8) және MCS (37,4-68,3) жиынтығының орташа көрсеткіштерін құрады. Сонымен қатар, жүйелі склерозбен ауыратын науқастарда физикалық компоненттің бағасы психикалық компоненттен төмен болды. Бұл мета-талдау жүйелі склерозбен ауыратын науқастарда бақылау тобындағы дені сау адамдарға қарағанда HRQoL көрсеткіші төмен екенін және жүйелі склерозға шалдыққан егде жастағы тұрғындардың өмір сапасына теріс әсер еткенін көрсетті. Бұл науқастардың жалпы денсаулығын жақсарту үшін клиникалық дәрігерлер жүйелі склерозбен ауыратын науқастардың өмір сапасына көбірек көңіл бөлуі керек екенін анықтады [16-20].

Келесі зерттеуді канадалық ғалымдар Covid-19 пандемиясы кезінде жүргізді. Мақалада COVID-19 пандемиясы кезіндегі әлеуметтік және физикалық белсенділік қабілеттері және егде жастағы адамдардың психикалық денсаулығы қарастырылды. 2019 жылғы

коронавирустық аурудың (COVID-19) таралу қаупін азайту мақсатында енгізілген шектеулер егде жастағы адамдардың әлеуметтік және физикалық белсенділікке қатысу қабілетіне әсер етті. Авторлар пандемия кезінде әлеуметтік және физикалық белсенді болу қабілетінің нашарлауы туралы хабарлаған егде жастағы адамдардың психикалық денсаулығының салдарын зерттеді. Логистикалық регрессия арқылы 2020 жылдың аяғында депрессияға (10 баллдық депрессия шкаласы) және мазасыздыққа (7 баллдық мазасыздық шкаласы) оң нәтиже көрсеткен скрининг зерттеулері мен Канададағы егде жастағы адамдар арасындағы пандемияның алғашқы 6-9 айында әлеуметтік және физикалық белсенділікке қатысу қабілетінің нашарлауы арасындағы байланыс зерттелді. Сондай-ақ, пандемияға дейінгі (2015-2018жж.) әлеуметтік және физикалық белсенділікке қатысу мүмкіндігі арасындағы байланыс зерттелді. Канаданың бойлық когорттық репрезентативтік Ұлттық зерттеулеріне сәйкес қартаюды пандемияға дейін (2015-2018), COVID-19 негізгі зерттеуі (2020 ж.сәуір-мамыр) және пандемиядан кейін сауалнама арқылы (2020 ж. қыркүйек-желтоқсан) зерттеу аясында жиналған деректер талданды. Осы зерттеудің нәтижелері COVID-Exit сауалнамасын аяқтаған 24 108 қатысушының 21,96% - ы (N = 5219) депрессияға және 5,04% - ы (N = 1132) мазасыздыққа оң нәтиже берді. Әлеуметтік және физикалық белсенділікке қатысу қабілетінің нашарлауы депрессиямен байланысты болды (OR = 1,85, 95% сенімділік аралығы 1,67-2,04); (OR = 2,46, 95% сенімділік аралығы = 2,25-2,69) және мазасыздық (OS = 1,66 95% сенімділік аралығы 1,37-2,02 және OS = 1,96, 95% сенімділік аралығы 1,68-2,30). Толығымен түзетілген өзара әрекеттесу үлгілері депрессияға әлеуметтік және физикалық белсенділікке қатысу қабілетінің буферлік әсерін анықтады. Зерттеу қорытындысы Covid-19 пандемиясы кезінде әлеуметтік және физикалық белсенділікке қатысу қабілетінің нашарлауы туралы хабарлаған егде жастағылардың қабілеттері психикалық денсаулыққа теріс әсер етті. Бұл көрсеткіштер болашақ пандемияның немесе егде жастағы адамдардың психикалық денсаулығы мен өмір сапасына әсер етуі мүмкін басқа да ауыр өмірлік стрессердің теріс әсерін азайту үшін әлеуметтік және физикалық белсенділік ресурстарын кеңейтудің маңыздылығын көрсетеді [21-28].

Зерттеудің келесі бөлімі Америка құрама штатының (әрі қарай АҚШ) әртүрлі қауымдастықтарында мекендейтін егде жастағы тұрғындары арасында жүргізілді. Депрессия – егде жастағы адамдар арасында жиі кездесетін психикалық денсаулық мәселесі. Зерттеудің осы популяциясындағы депрессияға ұшыраған халыққа физикалық жаттығудың қорғаныс және емдеуге болатын әсері бар екенін анықталды. Америка Құрама Штаттарындағы қауымдастықтарда тұратын егде жастағы адамдарда депрессия белгілерін азайту үшін физикалық жаттығулардың әсерін зерттеу мақсатында 2006-2015 жылдар аралығында жарияланған әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды. Зерттеуге енгізу үшін он ғылыми жұмыс таңдалды. Егде жастағы адамдарға физикалық жаттығумен айналысу клиникалық депрессия мен депрессиялық белгілерге оңтайлы әсер көрсетті. Сонымен қатар,

физикалық жаттығулар созылмалы аурулары бар егде жастағы адамдарда депрессия белгілерін жеңілдетті. Болашақ зерттеулер кең таңдамалы, бойлық дизайн үлгісімен және мәдени ерекшеліктерді ескеретін рандомизацияланған бақыланатын зерттеуді қамтуы керек. Ұзақ мерзімді артықшылықтары бар мотивациялық стратегиялардың қоғамдық бағдарламаларына физикалық жаттығуларды қосу және қауымдастықтарда тұратын егде жастағы адамдар арасында салауатты өмір салтын сақтау үшін жергілікті денсаулық сақтау мамандарымен бірлесіп жұмыс істеу ұсынылады [29-36].

Келесі зерттеу Қытайдың қартайған тұрғындарының өмір сүру сапасын зерттеуге бағытталған. Шанхай – Қытайдағы көне қалалар санатына жатқызылған алғашқы қалалардың бірі. Сонымен қатар, халықтың тез қартаю тенденциясы бойынша тек қарт отбасыларда тұратын егде жастағы адамдар саны жыл сайын артып келеді. Сонымен бірге, халықтың қартаю мәселесін белсенді шешу ұзақ мерзімді стратегиялық міндетке айналып отыр. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік белсенділік деңгейі табысты қартаюдың маңызды көрсеткіші және салауатты қартаюдың маңызды белгісі болып табылады. Кейбір зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік іс-шараға белсенді қатысу сенсорлық жүйені ынталандырады және физикалық белсенділік деңгейін жоғарылатады, бұл егде жастағы адамдарға өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік оқшаулану – бұл толыққанды және сапалы әлеуметтік қатынастардың болмауынан туындайтын жағдай. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік оқшаулануы олардың физикалық және менталды (психикалық) денсаулығына ауыр зардаптарын әкелуі мүмкін. Бұл депрессия, мазасыздық, когнитивті қабілетінің құлдырауы сияқты мәселелерді күшейтіп, сонымен қатар қозғалыс пен әлеуметтік белсенділіктің болмауына байланысты физикалық жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік оқшаулану - депрессия, дұрыс тамақтанбау, физикалық белсенділіктің нашарлауы, когнитивті дағдылардың төмендеуі және егде жастағы адамдардың қайта ауруханаға түсу қаупінің артуы сияқты денсаулыққа жағымсыз әсер ететін психоәлеуметтік факторлардың күрделі жиынтығымен өзара әрекеттесе алатынын көрсетті. COVID-19 пандемиясы кезінде объективті және субъективті факторларға байланысты әлеуметтік оқшаулану егде жастағы адамдар үшін қоғамдық денсаулық сақтау саласының өзекті мәселесіне айналды. Қытай ғалымдарының зерттеуі отбасы мүшелерімен байланыс деңгейі төмен егде жастағы адамдарда COVID-19 пандемиясы кезінде мазасыздық, депрессия және өмір сапасының төмендігі жиі кездесетінін көрсетті. Сонымен қатар, пандемияның салдарынан егде жастағы адамдардың әлеуметтік оқшаулануының жағымсыз әсерлері күшейе түскендіктен, бұл қартайған халықтың жалпы денсаулығына ұзақ мерзімде әсер ететін фактордың бірі болып табылады.

2022 жылдың мамырынан шілдесіне дейін Шанхайда қарттар үйінде тұратын 406 қарт адам жеңілдетілген іріктеу әдісімен таңдалды. Зерттеу нәтижелері қоғамдағы егде жастағы адамдар арасында әлеуметтік оқшауланудың таралуын 44,3% құрады. Қарттар үйінде

тұратын қарт адамдар арасындағы әлеуметтік оқшауланудың жалпы көрсеткіші тамақтанбаудың жалпы қаупімен және өмір сапасымен оң байланысты болды және депрессиямен теріс байланысты болды ($p < 0,01$). Логистикалық регрессия COVID-19 кезінде жалғыз өмір сүру, отбасынан немесе достарынан айырылу және депрессия тұрғылықты жерінде тұратын егде жастағы адамдар арасындағы әлеуметтік оқшауланудың қауіп факторлары екенін көрсетті ($p < 0,05$). Әлеуметтік оқшаулану өмір сапасына тікелей әсер етуі мүмкін ($\beta = 0,306$). Сонымен қатар, депрессия ($\beta = 0,334$) және тамақтану жағдайы ($\beta = 0,058$) әлеуметтік оқшаулану мен өмір сапасы арасындағы байланысқа айтарлықтай тікелей әсер етті. Зерттеу нәтижелері COVID-19 пандемиясы кезінде егде жастағы адамдар арасында әлеуметтік оқшауланудың таралуы артқанын көрсетті. Депрессия мен тамақтану жағдайы әлеуметтік оқшауланудың өмір сапасына әсер етуі барысында жанама рөл атқарады. Қоғамдық және медициналық қызметкерлер егде жастағы адамдардың әлеуметтік оқшаулану жағдайын жақсартуға, үздіксіз әсер етіп жатқан жағымсыз әсерлерді жоюға бағытталған кешенді жоспарларын құру тиіс [37-50].

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде егде жастағы адамдардың қартаюы маңызды мәселе болып табылады. Қартайған жастағы халықтың өмір сүру сапасына қатысты зерттеулер өте маңызды. Атап айтқанда, корей қоғамының басқа елдерге қарағанда тезірек қартаюын ескере отырып, егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасына әсер ететін негізгі факторларды анықтау маңызды. Сонымен бірге, айнымалылар (переменные) Кореядағы экономикалық кедейлікті, денсаулық теңсіздігін және денсаулық жағдайына байланысты қиындықтарды бастан кешірген егде жастағы адамдардың ерекшеліктерін ескере отырып бекітілді. Бұл зерттеулер болашақта егде жастағы адамдардың бақытқа бөлену сезімінің деңгейі мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік қамтамасыз ететін тиімді саясатты әзірлеуге және енгізуге көмектеседі.

Зерттеудің бастапқы сатысында 65 жастан асқан жергілікті медициналық клиникалар мен ауылдық муниципалитеттердегі 100 егде жастағы адам сауалнама сұрақтарына жауап беру үшін қажетті түсіністік, сәйкестік және күтілетін уақыт тексерілді, содан кейін өлшеу сұрақтарының мазмұнының дұрыстығы зерделенді. Осыдан кейін сауалнама өлшеу нүктелерін өзгерту және толықтыру арқылы жасалды. Негізгі сауалнама Rende Research мамандандырылған ғылыми зерттеу институтының тапсырысы бойынша жүргізілді (www.rende.co.kr). Сауалнама зерттеудің мақсатына жету үшін өлшеу құралдары ретінде пайдаланылды және сұрақтардың жарамдылығы мен дұрыстығы Корея Республикасының профессорларымен және сарапшыларының ұсыныстарымен сұрақтардың сапасы мен дұрыстығы сарапталды. Сауалнама әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардан (жынысы, жасы, білім деңгейі, табысы, үй шаруашылығының түрі), денсаулық

теңсіздігінің ауырлығынан, денсаулық теңсіздігінің әділдігінен, субъективті денсаулық жағдайынан, бос уақытынан және өмір сапасының шкаласынан құралды. Бұл зерттеудің мақсаты Кореядағы егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасына әсер ететін негізгі факторларды анықтау болды, яғни қоғамды алдын ала дайындау мақсатында 2025 жылға қарай қартайған жастағы халықтың саны артады деп болжануда. Осы мақсатта бірінші кезеңде демографиялық айнымалылар(переменные) қарастырылды. Екінші кезеңде денсаулық теңсіздігімен байланысты айнымалылар қарастырылды, ал үшінші кезеңде субъективті денсаулық пен бос уақыттың әсерін зерттеу арқылы әр кезеңде әсердің қалай өзгеретіні зерттелді. Нәтижесінде егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасына жас, субъективті денсаулық жағдайы, отбасының ай сайынғы табысы, бос уақыты және денсаулық теңсіздігінің әділдігі әсер ететіні анықталды. Авторлардың зерттеуінде егде жастағы адамдардың жасының ұлғаюы өмір сүру сапасын деңгейінің төмендігін және бұл әртүрлі салаларда әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етілмеген жағдайларының көбеюімен байланысты екенін, ал бұл жағдай керісінше өмірге қанағаттану деңгейі төмендететінін көрсетті. Егде жастағы адамдарда қозғалыс қиындықтары мен физикалық әлсіздікке байланысты жалпы өмір сапасы төмендейді, ал қартаюдан туындаған физикалық, психикалық және әлеуметтік өзгерістер адамның эмоционалды жағдайына қауіп төндіруі мүмкін. Демек, жас ұлғаюынан туындаған қартаю мазасыздығы өмір сапасының төмендеуінің себебі болғандықтан, егде жаста мазасыздықты азайту арқылы өмір сапасын жақсартуға күш салу қажет. Сонымен қатар, Jung J. P., lee E. R., Sin M. S. ғалымдарының "the health of the elderly impact on quality of life" зерттеуіне сәйкес, егде жастағы адамдардың отбасылық табысы неғұрлым жоғары болса, олардың өмір сүру сапасы соғұрлым жоғары болатынын анықтады. Бүгінгі күннің өзінде, өткенмен салыстырғанда жалпы экономикалық жетістіктерге қол жеткізілген кезде, табыс әлі де өмір сапасына әсер ететіндігі егде жастағы адамдардың экономикалық кедейлігіне елеулі әсер етеді. Корея университеттерінің ғалымдарының зерттеуі жан басына шаққандағы үй шаруашылығының табысы өмір сапасының барлық салаларымен, соның ішінде психологиялық және әлеуметтік қатынастармен айтарлықтай өзара байланысқа ие екенін және табыс неғұрлым төмен болса, өмір сапасы соғұрлым төмен болатынын дәлелдеді. Осылайша, неғұрлым табыс көзі жоғары болса, егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы мен бақытқа кенелу деңгейі де жоғары болады. Табысы төмен, әлеуметтік көмекке қанағаттанбау салдарынан жасы ұлғайған адамдар күйзеліске ұшырайды. Алайда, экономикалық табыс белгілі бір деңгейден асып

кеткеннен кейін, егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы өзгермейді. Сондықтан егде жастағы адамдар үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтуге, базалық зейнетақылар мен жәрдемақыларды арттыруға, сондай-ақ экономикалық қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік қамсыздандыру саясатын әртүрлі тұрғыдан талқылау қажет. Kim J. W., Lim K.W. «Longitudinal Analysis of the Effects of Various Leisure Activities of the Elderly on Quality of Life» зерттеулері жасы ұлғайған адамдардың бос уақыттарында әртүрлі іс-шараларға қатысу арқылы өмір сапасына оңтайлы әсер беретінін анықтады. Сондай-ақ, белсенді демалысқа қатысатын егде жастағы халықтың саны неғұрлым көп болса, өмір сапасының жақсаруы соғұрлым жоғары болады деп хабарланды. Тұрақты түрде бос уақыттың болуы қарт адамдардың денсаулығына байланысты өмір сүру сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады, сонымен бірге әлеуметтік қарым-қатынастар мен салауатты өмір салтын қалыптастыру өмір сүру сапасын жақсартуға оң ықпалын тигізеді. Іс-әрекет теориясына сәйкес, адамдар қартайған шақта жоғалтқан қызметтерін алмастыра алатын жаңа рөлдерді табуға тырысады, ал белсенді әлеуметтік іс-шаралар немесе бос уақыт егде жастағы адамдардың өміріне қанағаттанушылықты арттырады. Сондықтан жасы ұлғайған халыққа қоғамда өз орнын жоғалтпас үшін бос уақытын алмастыра алатын оңтайлы әсер ететін белсенді іс-әрекеттермен айналысуды ұсыну құпталады. Қартаю – бұл табиғи процесс және кез-келген адам бұл кезеңді бастан кешіреді. Сондықтан қартаюға қатысты алаңдаушылықты азайтуға және егде жаста тиімді құндылықтарды қалыптастыруға көмектесу үшін әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың қолдаулары қажет. Сонымен қатар, егде жастағы адамдарда денсаулық туралы жағымды түсінік қалыптастыру үшін салауатты ұзақ өмір сүру бағдарламаларын белсенді түрде жүзеге асыру қажет. Денсаулық теңсіздігінсіз қазіргі уақытта егде жастағы тұрғындарға бос уақытта әртүрлі іс-шараларға қатысу арқылы салауатты өмір салтын насихаттау өте маңызды, яғни 2025 жылға болжам бойынша қарттар қоғамы алыс емес екені бәріне мәлім. Осы мақсатта жасы ұлғайған адамдар үшін жүйелі түрде медициналық және әлеуметтік қызметтер ресурстарын тең бөліп қарастыру қажет. Сонымен бірге, барлығына қаржылық тұрақтылық пен егде жастағы адамдардың денсаулығын нығайту бойынша мемлекеттік жеңілдіктерге кепілдік берілуі маңызды. Табыс, әділеттілік, денсаулық және бос уақыт егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасына әсер ететін маңызды факторлар болғандықтан, бұл зерттеудің нәтижелері егде жастағы халықтың қанағаттануы мен қажеттіліктерін көрсететін тиімді саясатты әзірлеу

үшін негізгі деректер ретінде болашақта пайдаланылуы мүмкін [51-55].

Келесі әдеби шолу егде жастағы тұрғындар арасындағы денсаулық сауаттылығын зерттеу бойынша жүргізілді. Егде жастағы адамдардың сауаттылық деңгейі денсаулық, мінез-құлық, медициналық орталықтардағы ауруханаға жатқызудың орташа деңгейін және медициналық қызмет көрсетушілермен ауызша қарым-қатынас түрін болжауға мүмкіндік береді, сауаттылық деңгейі өзгерген сайын өмір сапасы да өзгеруі мүмкін. Зерттеудің мақсаты 2018-2019 жылдар аралығында қарттар үйінде тұратын егде жастағы адамдардың медициналық сауаттылық деңгейі мен өмір сапасы арасындағы байланысты анықтау болды. Бұл Зерттеу сипаттамалық-аналитикалық корреляциялық типке ие және Иран мемлекетіндегі таңдалған қарттар үйінің 175 егде жастағы халық арасында жүргізілді. Зерттеу құралдары ретінде қысқартылған менталды тест, «Бақылау, автономия, өмірден ләззат алу және өзін-өзі жүзеге асыру – 19» сауалнамасы және ирандық ересектердің медициналық сауаттылығы сауалнамасы (HELIA) қолданылды. Алынған деректер SPSS 22 бағдарламалық жасақтамасының көмегімен сипаттамалық және логикалық статистиканы қолдана отырып талданды. Зерттеу нәтижелері егде жастағы адамдардың медициналық сауаттылығы мен өмір сүру сапасының жиынтық көрсеткіштері сәйкесінше 51,01 және 47,75 құрады. Зерттелген үлгілердің көпшілігінің сауаттылығы «жеткіліксіз» болды (0-66). Медициналық сауаттылық пен егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы арасындағы байланыс маңызды болды, олардың арасында тікелей және статистикалық маңызды байланыс $P = 0,003$ құрады. Яғни, сауаттылық деңгейін арттыру есебінен қарттардың өмір сүру сапасының көрсеткіштері де артты. Корреляция $r = -0,28$ болды. Медициналық сауаттылық өмір сапасын болжауға қабілетті (31,98%). Зерттеу нәтижелері білім беру сауаттылығының жеткіліксіздігін және медициналық сауаттылық пен егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы арасындағы маңызды байланыстың болуын анықтады. Егде жастағы адамдар арасындағы кең ауқымды медициналық сауаттылықтың жеткіліксіздігінің салдарынан денсаулық сақтауды жоспарлау және ұлттық немесе жергілікті деңгейде денсаулықты нығайту кезінде сауаттылық мәселесіне көбірек көңіл бөлудің маңыздылығын көрсетеді [56-62].

Қорытынды: Егде жастағы халықтың өмір сүру сапасының зерттеу кешенді тәсілді қажет ететін күрделі және жан-жақты зерделейтін бағыт болып табылады. Егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту болашақта тиімді стратегияларын жасауға мүмкіндік береді. Егде жастағы халықтың өмірін жақсартуға бағытталған тиімді бағдарламалар мен саясаттарды әзірлеу үшін осы саладағы қосымша зерттеулер жүргізуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES:

1 WHO. WHO launches baseline report for decade of healthy ageing. 2020. <https://www.who.int/news/item/17-12-2020-who-launches-baseline-report-for-decade-of-healthy-ageing> (accessed Jan 28, 2020).

2 WHO. 1st world report on ageing and health. 2015. <http://www.who.int/ageing/events/world-report-2015-launch/en/> (accessed Jan 28, 2020).

3 WHO. WHO global strategy and action plan on ageing and health (2016–2020). 2016. http://apps.who.int/gb/ebwha/pdf_files/WHA69/A69_17-en.pdf (accessed Jan 28, 2020).

4 Beard JR, Officer A, de Carvalho IA, et al. The world report on ageing and health: a policy framework for healthy ageing. *Lancet* 2016; 387: 2145–54.

5 Michel J-P, Graf C, Ecarnot F. Individual healthy aging indices, measurements and scores. *Ageing Clin Exp Res* 2019; 31: 1719–25.

6 Michel JP. Identification of the Best Societal Measurement of Healthy Aging. *Ann Geriatr Med Res*. 2019 Jun;23(2):45–49. doi: 10.4235/agmr.19.0017. Epub 2019 Jun 30. PMID: 32743287; PMCID: PMC7387597.

7 Sanchez-Niubo A, Forero CG, Wu Y-T, et al. Development of a common scale for measuring healthy ageing across the world: results from the ATHLOS consortium. *Int J Epidemiol* 2020; published online Dec 4. PMID: 33274372; PMCID: PMC8271194.

8 Sogand Tourani, Masoud Behzadifar, Mariano Martini, et al. Health-related quality of life among healthy elderly Iranians: a systematic review and meta-analysis of the literature. *Health Qual Life Outcomes*. 2018 Jan 18;16(1):18. doi: 10.1186/s12955-018-0845-7. PMID: 29347951; PMCID: PMC5774099.

9 Hedayati HR, Hadi N, Mostafavi L, Akbarzadeh A, Montazeri A. Quality of life among nursing home residents compared with the elderly at home. *Shiraz E-Med J*. 2014;15(4):e22718. doi: 10.17795/semj22718.

10 Jadidi A, Farahaninia M, Janmohammadi S, Haghani H. The relationship between spiritual well-being and quality of life among elderly people. *Holist Nurs Pract*. 2015;29(3):128–135. doi: 10.1097/HNP.000000000000081. PMID: 25882262.

11 Bartsch LJ, Butterworth P, Byles JE, Mitchell P, Shaw J, Anstey KJ. Examining the SF-36 in an older population: analysis of data and presentation of Australian adult reference scores from the dynamic analyses to optimise ageing (DYNOPTA) project. *Qual Life Res*. 2011;20(8):1227–1236. doi: 10.1007/s11136-011-9864-0. Epub 2011 Feb 12. PMID: 21318646.

12 Miranda LC, Soares SM, Silva PA. Quality of life and associated factors in elderly people at a reference center. *Cien Saude Colet*. 2016;21(11):3533–3544. doi: 10.1590/1413-812320152111.21352015. PMID: 27828586.

13 Lins L, Carvalho FM. SF-36 total score as a single measure of health-related quality of life: scoping review. *SAGE Open Med* 2016; 4:2050312116671725. doi: 10.1177/2050312116671725. PMID: 27757230; PMCID: PMC5052926.

14 Farajzadeh M, Ghanei Gheshlagh R, Sayehmiri K. Health-related quality of life in Iranian elderly citizens: a systematic review and meta-analysis. *Int J Community Based Nurs Midwifery*. 2017;5(2):100–111. PMID: 28409164; PMCID: PMC5385233.

15 Tourani S, Aryankhesal A, Behzadifar M. Improving the search strategy of systematic reviews and meta-analysis. *Int J Community Based Nurs Midwifery*. 2017;5(4):417–418. PMID: 29043287; PMCID: PMC5635561.

- 16 Lin Li, Yafei Cui, Shengnan Chen, Qian Zhao, Ting Fu, Juan Ji, Liren Li, Zhifeng Gu. The impact of systemic sclerosis on health-related quality of life assessed by SF-36: A systematic review and meta-analysis. First published: 14 November 2018 <https://doi.org/10.1111/1756-185X.13438>. Epub 2018 Nov 14. PMID: 30428506.
- 17 Murphy SL, Whibley D, Kratz AL, et al. Fatigue predicts future reduced social participation, not reduced physical function or quality of life in people with systemic sclerosis. *J Scleroderma Relat Disord* 2021; 6:187-93. doi: 10.1177/2397198320965383. PMID: 34337153; PMCID: PMC8320783.
- 18 Zhang Q, Wang X, Chen H, Shen B. Sjogren's syndrome is associated with negatively variable impacts on domains of health-related quality of life: evidence from Short Form 36 questionnaire and a meta-analysis. *Patient Prefer Adherence*. 2017; 11: 905-911. doi: 10.2147/PPA.S132751. PMID: 28546741; PMCID: PMC5436777.
- 19 Chan PT, Mok CC, Chan KL, Ho LY. Functioning and health-related quality of life in Chinese patients with systemic sclerosis: a case-control study. *Clin Rheumatol*. 2014; 33: 659-666. doi: 10.1007/s10067-014-2525-2. Epub 2014 Feb 16. PMID: 24531870.
- 20 Almeida C, Almeida I, Vasconcelos C. Quality of life in systemic sclerosis. *Autoimmun Rev*. 2015; 14: 1087-1096. Epub 2015 Jul 23. PMID: 26212726.
- 21 Cosco TD, Wister A, Best JR, et al. Worsened Ability to Engage in Social and Physical Activity During the COVID-19 Pandemic and Older Adults' Mental Health: Longitudinal Analysis From the Canadian Longitudinal Study on Aging. *Innov Aging*. 2023 Aug 19;7(7):igad086. doi: 10.1093/geroni/igad086. PMID: 37771714; PMCID: PMC10533203.
- 22 Ang S. Changing Relationships Between Social Contact, Social Support, and Depressive Symptoms During the COVID-19 Pandemic. *J Gerontol B Psychol Sci Soc Sci*. 2022 Sep 1;77(9):1732-1739. doi: 10.1093/geronb/gbac063. PMID: 35452515; PMCID: PMC9047190.
- 23 Aubertin-Leheudre M, Rolland Y. The Importance of Physical Activity to Care for Frail Older Adults During the COVID-19 Pandemic. *J Am Med Dir Assoc*. 2020 Jul;21(7):973-976. doi: 10.1016/j.jamda.2020.04.022. Epub 2020 Apr 30. PMID: 32513558; PMCID: PMC7190526.
- 24 Callow DD, Arnold-Nedimala NA, Jordan LS, Pena GS, Won J, Woodard JL, Smith JC. The Mental Health Benefits of Physical Activity in Older Adults Survive the COVID-19 Pandemic. *Am J Geriatr Psychiatry*. 2020 Oct;28(10):1046-1057. doi: 10.1016/j.jagp.2020.06.024. Epub 2020 Jun 30. PMID: 32713754; PMCID: PMC7831892.
- 25 Carriedo A, Cecchini JA, Fernandez-Rio J, Méndez-Giménez A. COVID-19, Psychological Well-being and Physical Activity Levels in Older Adults During the Nationwide Lockdown in Spain. *Am J Geriatr Psychiatry*. 2020 Nov;28(11):1146-1155. doi: 10.1016/j.jagp.2020.08.007. Epub 2020 Aug 22. PMID: 32919872; PMCID: PMC7443087.
- 26 McDowell CP, Dishman RK, Gordon BR, Herring MP. Physical Activity and Anxiety: A Systematic Review and Meta-analysis of Prospective Cohort Studies. *Am J Prev Med*. 2019 Oct;57(4):545-556. doi: 10.1016/j.amepre.2019.05.012. PMID: 31542132.
- 27 Seo JY, Chao YY. Effects of Exercise Interventions on Depressive Symptoms Among Community-Dwelling Older Adults in the United States: A Systematic Review. *J Gerontol Nurs*. 2018 Mar 1;44(3):31-38. doi: 10.3928/00989134-20171024-01. Epub 2017 Oct 30. PMID: 29077980.
- 28 Hu Y, Qian Y. COVID-19, Inter-household Contact and Mental Well-Being Among Older Adults in the US and the UK. *Front Sociol*. 2021 Jul 26; 6:714626. doi: 10.3389/fsoc.2021.714626. PMID: 34381838; PMCID: PMC8350320.
- 29 Kim B. Factors influencing depressive symptoms in the elderly: using the 7th Korea National Health and Nutrition Examination Survey (KNHANES VII-1) *J Health Info Stat*. 2020;45(2):165-172. doi: 10.21032/jhis.2020.45.2.165.
- 30 Park MJ. Impact of social capital on depression trajectories of older women in Korea. *Aging Ment Health*. 2017 Apr;21(4):354-361. doi: 10.1080/13607863.2015.1088511. Epub 2015 Sep 24. PMID: 26404493.
- 31 Rote S, Chen NW, Markides K. Trajectories of Depressive Symptoms in Elderly Mexican Americans. *J Am Geriatr Soc*. 2015 Jul;63(7):1324-30. doi: 10.1111/jgs.13480. Epub 2015 Jul 1. PMID: 26131759; PMCID: PMC4978510.
- 32 Catalan-Matamoros D, Gomez-Conesa A, Stubbs B, Vancampfort D. Exercise improves depressive symptoms in older adults: An umbrella review of systematic reviews and meta-analyses. *Psychiatry Res*. 2016 Oct 30; 244:202-9. doi: 10.1016/j.psychres.2016.07.028. Epub 2016 Jul 22. PMID: 27494042.
- 33 Jackson H, Engelman M, Bandeen-Roche K. Robust Respondents and Lost Limitations: The Implications of Nonrandom Missingness for the Estimation of Health Trajectories. *J Aging Health*. 2019 Apr;31(4):685-708. doi: 10.1177/0898264317747079. Epub 2017 Dec 14. PMID: 29254422; PMCID: PMC5984107.
- 34 Steinert C, Hofmann M, Kruse J, Leichsenring F. The prospective long-term course of adult depression in general practice and the community. A systematic literature review. *J Affect Disord*. 2014 Jan;152-154:65-75. doi: 10.1016/j.jad.2013.10.017. Epub 2013 Oct 16. PMID: 24210624.
- 35 Min D, Cho E. Patterns in quality of life according to employment among the older adults: the Korean longitudinal study of aging (2008-2014). *BMC Public Health*. 2018 Mar 20;18(1):379. doi: 10.1186/s12889-018-5296-x. PMID: 29558921; PMCID: PMC5859553.
- 36 Tengku Mohd TAM, Yunus RM, Hairi F, Hairi NN, Choo WY. Social support and depression among community dwelling older adults in Asia: a systematic review. *BMJ Open*. 2019 Jul 17;9(7):e026667. doi: 10.1136/bmjopen-2018-026667. PMID: 31320348; PMCID: PMC6661578.
- 37 Wang X, Zhang C, Luan W. Social isolation, depression, nutritional status and quality of life during COVID-19 among Chinese community-dwelling older adults: a cross-sectional study. *BMJ Open*. 2023 Sep 18;13(9):e072305. doi: 10.1136/bmjopen-2023-072305. PMID: 37723110; PMCID: PMC10510871.
- 38 Chen X, Giles J, Yao Y, Yip W, et al. The path to healthy ageing in China: a Peking University-Lancet Commission. *Lancet*. 2022 Dec 3;400(10367):1967-2006. doi: 10.1016/S0140-6736(22)01546-X. Epub 2022 Nov 21. PMID: 36423650; PMCID: PMC9801271.
- 39 Douglas H, Georgiou A, Westbrook J. Social participation as an indicator of successful aging: an overview of concepts

- and their associations with health. *Aust Health Rev.* 2017 Aug;41(4):455-462. doi: 10.1071/AH16038. PMID: 27712611.
- 40 Loyola WS, Camillo CA, Torres CV, Probst VS. Effects of an exercise model based on functional circuits in an older population with different levels of social participation. *Geriatr Gerontol Int.* 2018 Feb;18(2):216-223. doi: 10.1111/ggi.13167. Epub 2017 Oct 15. PMID: 29034615.
- 41 Sepúlveda-Loyola W, Rodríguez-Sánchez I, Pérez-Rodríguez P, et al. Impact of social isolation due to COVID-19 on health in older people: mental and physical effects and recommendations. *J Nutr Health Aging* 2020; 24:938-47. 10.1007/s12603-020-1469-2. PMID: 33155618; PMCID: PMC7597423.
- 42 Su Y, Rao W, Li M, et al. Prevalence of loneliness and social isolation among older adults during the COVID-19 pandemic: A systematic review and meta-analysis. *Int Psychogeriatr* 2023; 35:229-41. 10.1017/S1041610222000199. Epub 2022 Mar 31. PMID: 35357280.
- 43 Yu J, Mahendran R. COVID-19 Lockdown has altered the Dynamics between affective symptoms and social isolation among older adults: results from a longitudinal network analysis. *Sci Rep* 2021;11:14739. 10.1038/s41598-021-94301-6. PMID: 34282245; PMCID: PMC8289844.
- 44 Steptoe A, Di Gessa G. Mental health and social interactions of older people with physical disabilities in England during the COVID-19 pandemic: A longitudinal cohort study. *Lancet Public Health* 2021;6:e365-73. 10.1016/S2468-2667(21)00069-4. PMID: 33894138; PMCID: PMC8517412.
- 45 MacLeod S, Tkatch R, Kraemer S, Fellows A, McGinn M, Schaeffer J, Yeh CS. COVID-19 Era Social Isolation among Older Adults. *Geriatrics (Basel)*. 2021 May 18;6(2):52. doi: 10.3390/geriatrics6020052. PMID: 34069953; PMCID: PMC8162327.
- 46 Noguchi T, Kubo Y, Hayashi T, et al. Social isolation and self-reported cognitive decline among older adults in Japan: A longitudinal study in the COVID-19 pandemic. *J Am Med Dir Assoc* 2021; 22:1352-6. 10.1016/j.jamda.2021.05.015. Epub 2021 May 21. PMID: 34107288.
- 47 Sayin Kasar K, Karaman E. Life in Lockdown: social isolation, loneliness and quality of life in the elderly during the COVID-19 pandemic: A Scoping review. *Geriatric Nursing* 2021; 42:1222-9. 10.1016/j.gerinurse.2021.03.010. PMID: 33824008; PMCID: PMC8566023.
- 48 Dziedzic B, Idzik A, Kobos E, et al. Loneliness and mental health among the elderly in Poland during the COVID-19 pandemic. *BMC Public Health* 2021; 21:1976. 10.1186/s12889-021-12029-4. PMID: 34727897; PMCID: PMC8561080.
- 49 Oliveira MR, Sudati IP, Konzen VDM, et al. Covid-19 and the impact on the physical activity level of elderly people: A systematic review. *Exp Gerontol* 2022;159:S0531-5565(21)00457-5. 10.1016/j.exger.2021.111675. PMID: 34954282; PMCID: PMC8695515.
- 50 De Pue S, Gillebert C, Dierckx E, Vanderhasselt MA, De Raedt R, Van den Bussche E. The impact of the COVID-19 pandemic on wellbeing and cognitive functioning of older adults. *Sci Rep.* 2021 Feb 25;11(1):4636. doi: 10.1038/s41598-021-84127-7. PMID: 33633303; PMCID: PMC7907111.
- 51 Analysis of Major Factors Affecting the Quality of Life of the Elderly in Korea in Preparation for a Super-Aged Society. Kim BR, Hwang HH. *Int J Environ Res Public Health.* 2022 Aug 4; 19(15):9618. doi: 10.3390/ijerph19159618. PMID: 35954970; PMCID: PMC9367845.
- 52 Suzuki M, Shigeta M, Kanamori T, Yokomichi M, Uchiyama M, Inagaki K, Naito T, Ooshiro H, Asai Y. Development of a Daily Living Self-Efficacy Scale for Older Adults in Japan. *Int J Environ Res Public Health.* 2023 Feb 13;20(4):3292. doi: 10.3390/ijerph20043292. PMID: 36833986; PMCID: PMC9961564.
- 53 Lane AP, Wong CH, Močnik Š, Song S, Yuen B. Association of Neighborhood Social Capital With Quality of Life Among Older People in Singapore. *J Aging Health.* 2020 Aug-Sep;32(7-8):841-850. doi: 10.1177/0898264319857990. Epub 2019 Jun 19. PMID: 31216922.
- 54 Kim BR, Hwang HH. Analysis of Major Factors Affecting the Quality of Life of the Elderly in Korea in Preparation for a Super-Aged Society. *Int J Environ Res Public Health.* 2022 Aug 4;19(15):9618. doi: 10.3390/ijerph19159618. PMID: 35954970; PMCID: PMC9367845.
- 55 Wei L, Hu Y, Tao Y, Hu R, Zhang L. The Effects of Physical Exercise on the Quality of Life of Healthy Older Adults in China: A Systematic Review. *Front Psychol.* 2022 Jun 20;13:895373. doi: 10.3389/fpsyg.2022.895373. PMID: 35800916; PMCID: PMC9253880.
- 56 Aryankhesal A, Niknam N, Hasani M, Mengelizadeh N, Aghaei N, Ghaedchukamei Z, Ranaei A, Kalteh EA, Naghdi B. Determining the relationship between health literacy level and quality of life among the elderly living in nursing homes. *J Educ Health Promot.* 2019 Nov 29; 8:225. doi: 10.4103/jehp.jehp_310_19. PMID: 31867389; PMCID: PMC6904942.
- 57 Xie L, Zhang S, Xin M, Zhu M, Lu W, Mo PK. Electronic health literacy and health-related outcomes among older adults: A systematic review. *Prev Med.* 2022 Apr;157:106997. doi: 10.1016/j.ypmed.2022.106997. Epub 2022 Feb 18. PMID: 35189203.
- 58 Mayo-Gamble TL, Mouton C. Examining the Association Between Health Literacy and Medication Adherence Among Older Adults. *Health Commun.* 2018 Sep;33(9):1124-1130. doi: 10.1080/10410236.2017.1331311. Epub 2017 Jun 21. PMID: 28636404.
- 59 Lee YM, Yu HY, You MA, Son YJ. Impact of health literacy on medication adherence in older people with chronic diseases. *Collegian.* 2017;24(1):11-8. doi: 10.1016/j.colegn.2015.08.003. PMID: 29218957.
- 60 Nakayama K, Osaka W, Togari T, Ishikawa H, Yonekura Y, Sekido A, Matsumoto M. Comprehensive health literacy in Japan is lower than in Europe: a validated Japanese-language assessment of health literacy. *BMC Public Health.* 2015 May 23;15:505. doi: 10.1186/s12889-015-1835-x. PMID: 26001385; PMCID: PMC4491868.
- 61 Chow BC, Jiao J, Duong TV, Hassel H, Kwok TCY, Nguyen MH, Liu H. Health literacy mediates the relationships of cognitive and physical functions with health-related quality of life in older adults. *Front Public Health.* 2024 Mar 14; 12:1355392. doi: 10.3389/fpubh.2024.1355392. PMID: 38550320; PMCID: PMC10976439.
- 62 Çiftci N, Yıldız M, Yıldırım Ö. The effect of health literacy and health empowerment on quality of life in the elderly.

Авторлардың үлесі. Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты. **Мүдделер қақтығысы** – мәлімделген жоқ.

Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ.

Қаржыландыру жүргізілмеді.

Вклад авторов. Все авторы принимали равносильное участие при написании данной статьи.

Конфликт интересов – не заявлен.

Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представителями.

Финансирование – не проводилось.

Authors' Contributions. All authors participated equally in the writing of this article.

No conflicts of interest have been declared.

This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work.

Funding - no funding was provided.

Авторлар жайлы ақпарат:

№	АЖТ (толығымен)	Лауазымы, қызмет орны	Телефон	Эл.пошта
1	Сукенова Динара Асықбаевна	С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ PhD докторанты	+77023263912	sukenova.d@kaznmu.kz
2	Нурбақыт Ардақ Нурбақытқызы	Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	+77017356495	lab2@kncdiz.kz
3	Изекенова Айгульсум Кулынтаевна	АИТВ-инфекциясы курсымен эпидемиология кафедрасының доценті, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	+77012995159	izekenova.a@kaznmu.kz
4	Jurate Macijauskiene	Литва денсаулық ғылымдары Университетінің Сенат төрайымы, ДДҰ, Еуропалық қартаю медицинасы қауымдастығының мүшесі (ЕАМА), Геронтология және гериатрия кафедрасының профессоры (Каунас, Литва)	+370 37 327304	Jurate.macijauskiene@lsmuni.lt
5	Иванченко Нелля Николаевна	магистратура және докторантура бөлімінің басшысы, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	+77758823125	n.ivanchenko@kaznmu.kz
6	Жакупова Майя Нурдаулетовна	Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының доценті, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	+77017276666	m.zhakupova@mail.ru
7	Айтманбетова Ақмарал Аршабаевна	Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының доценті, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	+77758258883	a.arshabaevna@mail.ru

ТЕОРИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
 ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ДИСЦИПЛИНЫ
 THEORETICAL DISCIPLINES
 ЗЕРТХАНАЛЫҚ МЕДИЦИНА
 ЛАБОРАТОРНАЯ МЕДИЦИНА
 LABORATORY MEDICINE




Алынды: 29.03.2024 Қабылданды: 20.06.2024 Онлайн жарияланды: 29.06.2024

УДК 616-036.21

DOI: 10.26212/2227-1937.2024.18.65.013

Ж.М. Досмағамбет^{1,2}, ORCID <https://orcid.org/0000-0001-6681-4865>
 М.М. Куатбек^{1,2} ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4023-4314>
 Ж.А. Бердыгулова¹, ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0379-2472>
 А.Ж. Молдакарызова², ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0186-978X>
 С.Ә. Куатбекова¹, ORCID <http://orcid.org/0000-0002-1091-0150>
 А.В. Жигайлов¹, ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9646-033X>
 Ю.В. Перфильева¹, ORCID <https://orcid.org/0000-0001-6803-0773>
 Е.О. Остапчук¹, ORCID <https://orcid.org/0000-0002-3771-423X>
 Э.Р. Мальцева¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9198-695X>
 Ю.А. Скиба¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4895-1473>

¹ ЖШС «Ұлттық биотехнология орталығы» Алматы қаласындағы филиалы, «QazBioPharm» Ұлттық холдингі, Қазақстан

² Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент: Ж.М. Досмағамбет zhaniya.dosmagambet@gmail.com

ДИАГНОСТИКАДАҒЫ НУКЛЕИН ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ БӨЛІНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Зертханалық тәжірибеде вирустық инфекциялардың диагностикасы өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Ветеринарияда бұл тұрақты созылмалы жануарлардың инфекцияларына әкеледі, оларды емдеу өте қиын және экономикалық шығындарға әкеледі. Жаһандық пандемия жағдайында SARS-CoV-2 вирусы тударатын COVID-19 диагнозының уақтылы қойылмауы вирустың таралуына және симптоматикалық емдеудің кеш басталуына әкелді. Вирустық инфекциялардың ПТР диагностикасының негізгі мәселелерінің бірі жалған теріс және жалған оң нәтижелер болып табылады. Бұған көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Мысалы, дұрыс емес сынама алу, сынамадағы вирустың НҚ-ының детекциясына жеткіліксіз мөлшері, материалды дұрыс емес тасымалдау және сақтау, білікті емес зертханалық мамандар, нуклеин қышқылдарын бөліп алу әдістерінің қателіктері, ПТР жиынтығының ерекшелігі мен сезімталдығы жеткіліксіздігі.

Мақсаты: Модельдік вирустардың нуклеин қышқылдарын, SARS-CoV-2 коронавирусының нуклеин қышқылдарын және ірі қара малдың вирустық диареясын тудыратын *Pestivirus* туыс вирусты бөліп алу әдістерін салыстыру.

Зерттеу әдістері мен материалдары: Бұл жұмыста біз әртүрлі нуклеин қышқылдарын экстракциялайтын (сорбциялық, спин-бағандарға және магниттік бөлшектерге) әдістеріне негізделген "SARS-CoV-2 Амплитесті", "PureLink RNA mini kit (Invitrogen)" және "М-Сорб-00М-96 СИНТОЛ" сияқты әртүрлі коммерциялық бөліп алу жиынтықтарын салыстырылды. Салыстыру нақты уақыт режимінде полимеразды тізбекті реакцияны үш рет қою және коронавирустық инфекцияны анықтаудың шекті деңгейлері Ст-мен салыстыру және вирустық диареяға арналған классикалық ПТР реакциясында электрофорезден кейінгі жолақтарды визуалды салыстыру арқылы жүргізілді. Үлгілер панелі ретінде адамның мұрын-жұтқыншақ жағындыларының зертханалық расталған оң және теріс үлгілері, сондай-ақ жалпы РНҚ-лар бөлінген жануарлардан (ірі қара мал) мұрын шайындылары пайдаланылды.

Нәтижелері мен қорытынды: SARS-CoV-2 үлгілері бойынша Ст-нің ең жақсы нәтижелері нуклеин қышқылдарын бөліп алуының сорбциялау әдісі көрсетті. Магниттік бөлшектер мен спин-бағандардағы нуклеин қышқылдарының экстракциясы нақты уақыттағы ПТР амплификация 2-3 шекті көрсеткіш циклі арасындағы айырмашылықты көрсетті. Агарозды гель электрофорезінде анализ жүргізілген вирустық диарея ампликондары үш экстракциялау жиынтығы үшін визуалды айырмашылықты көрсетпеді.

Түйінді сөздер: SARS-CoV-2, вирустық инфекция, ірі қара малдың вирустық диареясы, диагностика, РНҚ, нақты уақыттағы полимеразды тізбекті реакция.

Ж.М. Досмағамбет^{1,2}, М.М. Куатбек^{1,2}, Ж.А. Бердыгулова¹, А.Ж. Молдакарызова², С.А. Куатбекова¹, А.В. Жигайлов¹, Ю.В. Перфильева¹, Е.О. Остапчук¹, Э.Р. Мальцева¹, Ю.А. Скиба¹

¹ Филиал ТОО «Национальный центр биотехнологии» в городе Алматы, Национальный холдинг «QazBioPharm», Казахстан

² Казахский Национальный медицинский университет имени Асфендиярова, Алматы, Казахстан

Автор-корреспондент: Ж.М. Досмағамбет zhaniya.dosmagambet@gmail.com

ПРОБЛЕМЫ ЛАБОРАТОРНОЙ ДИАГНОСТИКИ НА ЭТАПЕ ВЫДЕЛЕНИЯ НУКЛЕИНОВЫХ КИСЛОТ

Резюме: Проблемы диагностики вирусных инфекций были и остаются одной из самых острых проблем в лабораторной практике. В ветеринарии это приводит к персистирующим хроническим инфекциям животных, которые достаточно трудно поддаются лечению и приводят к экономическим потерям. В условиях глобальной пандемии несвоевременная диагностика вируса SARS-CoV-2, вызвавшего пандемию COVID-19, приводила к распространению вируса и отсроченному началу симптоматического лечения. Одной из основных проблем ПЦР-диагностики вирусных инфекций являются ложноотрицательные и ложноположительные результаты. На это могут влиять многие факторы, такие как неправильный отбор проб, недостаточное количество нуклеиновых кислот вируса в пробе для детекции, неправильная транспортировка и хранение материала, неквалифицированные лабораторные специалисты, погрешности методов выделения, недостаточная специфичность и чувствительность ПЦР-наборов.

Цель: Сравнить методы выделения нуклеиновых кислот модельных вирусов, нуклеиновых кислот коронавируса SARS-CoV-2 и вируса рода *Pestivirus*, вызывающего вирусную диарею крупного рогатого скота.

Материалы и методы: В настоящей работе мы сравнивали различные коммерческие наборы для выделения, такие как «АмплиТест SARS-CoV-2», «PureLink RNA mini kit (Invitrogen)» и «М-Сорб-ООМ-96 СИНТОЛ», основанные на различных методах выделения нуклеиновых кислот (сорбционный, колоночный и на магнитных частицах). Сравнение проводили путем трехкратной постановки полимеразной цепной реакции в режиме реального времени и сравнения Ct, пороговых уровней детекции коронавирусной инфекции, а также путем визуального сравнения бэндов после электрофореза в классической реакции ПЦР для вирусной диареи. В качестве панели образцов использовали лабораторно подтвержденные положительные и отрицательные образцы назо- и орофарингеальных мазков человека, а также назальные смывы от животных (КРС), из которых выделялись тотальные РНК.

Результаты и выводы: Лучшие результаты по Ct для образцов SARS-CoV-2 показал сорбционный метод выделения нуклеиновых кислот набором «АмплиТест SARS-CoV-2». Экстракция нуклеиновых кислот на магнитных частицах набором «М-Сорб-ООМ-96 СИНТОЛ» и спин-колонок набором «PureLink RNA mini kit (Invitrogen)» показывала различие в пределах 2-3 пороговых циклов амплификации методом ПЦР в режиме реального времени. Ампликоны вирусной диареи, проанализированные в агарозном гель-электрофорезе, не показали визуальной разницы для трех наборов для выделения.

Ключевые слова: SARS-CoV-2, вирусная инфекция, вирусная диарея крупного рогатого скота, диагностика, РНК, ПЦР в режиме реального времени.

Zh.M. Dosmagambet^{1,2}, M.M. Kuatbek^{1,2}, Zh.A. Berdygulova¹, A.Zh. Moldakaryzova², S.A. Kuatbekova¹, A.V. Zhigailov¹, Yu.V. Perfilyeva¹, Ye.O. Ostapchuk¹, E.R. Maltseva¹, Yu.A. Skiba¹

¹ Almaty Branch of the National Center for Biotechnology, National Holding «QazBioPharm», Kazakhstan

² Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

Corresponding author: Zh.M. Dosmagambet zhaniya.dosmagambet@gmail.com

PROBLEMS OF LABORATORY DIAGNOSTICS AT THE STAGE OF NUCLEIC ACID ISOLATION

